

БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!



ТЫЛДА ЖАНҚИЯРЛЫҚ ТАНЫТҚАН

*Қарсақбай, Жезді өндірістерінің отты
жылдардағы тарихынан*

Ұлы Отан соғысы... Жер-жаһанды дүр сілкіндірген осы оқиға ХХ ғасырдың ең ұлы тағлымы болды. Міне, биыл Ұлы Жеңістің 60-ыншы көктемі бұр жарды. Жеңіс жылы туған бала алпысқа келіп, ақыл айтар асақал жасқа жетті. Бірақ сол сұрапыл жылдардың жаңғырығы құлақтан кетпейді. Майдан шебі алыста жатса да оның қорғасындай қара бұлты Қарсақбай мен Жездінің халқына да салмақ түсірді. Бұл екі алып (солай айтуға лайық) «Майдан үшін. Жеңіс үшін» ерлікпен пара-пар еңбек етті. Мыңдаған ер-азаматтар әскери комиссариатқа шақырылды. Соғыс жылдарында Қарсақбай комиссариатынан 15259 адам өз еркімен ел қорғауға аттанды.

Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы 25 желтоқсандағы N101 Бұйрығымен Одақ бойынша мыс өндірісінің ал, Қазақстанда түсті металлургияның тұңғышы саналған Қарсақбай металлургия заводы соғыс жағдайына лайықталып, тез арада қайта жабдықталды. Онда майдан үшін мина корпустарын шығару ұйғарылды. 1942 жылы жоспар бойынша 20 мың дана 82 мм. мина корпустарын шығару белгіленді. Бұл көрсеткішке қол жеткізу оңайға соқпаса да 1942 жылдың 7 айында 34150 дана мина корпустары дайындалды. Осылайша, айлық көрсеткішті 8 мың данаға дейін жеткізу мекесі белгіленді. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен жанқиярлық еңбек үлгісін көрсетіп, балқытушылар Жезқазған рудасынан мыс бұлағын ағызды. Қарсақбайлық металлургтер мен инженер-техник қызметкерлер «Барлық біліміміз бен іскерлігімізді, күш-қайратымызды тек бір мақсатқа - мыс қорытудың мемлекеттік жоспарын асыра орындауға, өздеріміздің әйелдерімізді, апа-қарындастарымызды металлург мамандығына үйретеміз. әрқайсысымыз қосымша мамандықты шұғыл меңгеруді міндеттенеміз», - деп жазды сол жылдары «За медь» газетіне. Бұл кезеңде сонау ХХ ғасырдың басында ағылшындар белгілеген меже - 5 мың тонна мыстан жыл сайын орташа үш есе артық балқыма алынды.

1941 жылдың қыркүйегінде М.Көккөзов басқаратын балқытушылар ауысымы бір күнде 152 тонна штейн, ал, екінші күні өз рекордтарын тағы 5 тоннаға арттырды. Қарсақбай мыс зауытында екінші шарпу пеші іске қосылды. Оның құрылысы 1942 жылғы шілдеде басталып, 18 қыркүйекте аяқталды. 1942 жылғы мамыр айында күн сайын соғыстан бұрынғы деңгейден екі есе артық, Жезқазған кенін өндіруге қол жеткізілді. Стахановтық еңбек үлгісін көрсеткен кеншілер (горняктар) мен металлургтер қатары арта түсті.

Балқыма алудың екі мекесін орындауға қол жеткізген уақытпен санаспай конвертордың қуатын еселей арттырған Көмен Сейтеновты азаматтар есімі завод тарихында өшпес әріптермен жазылып қалды. К. Сейтепов еңбек еткен артырып қана қоймай алғаш рет жеделдетілген ауыр салмақты балқыма алғандығын майдандардағы шұғыл хабарлар қатарын-

да 1941 жылдың қыркүйегінде Совинформбюроның соңғы хабарларында әйгілі диктор Левитан А. Гитлерді алаңдатқан даусымен жаңғырта хабарлады. Қарсақбайлық металлургтер ерлігін бүкіл кеңес халқы естіді. Сонау майдан даласынан қарсақбайлық бауырларына халық ақыны қарсақбайлық Болман Қожабаевтың ұлы Бірмұқан Болманов пен Бөкен Нысанбаевтар жалынды сәлем хат жолдады. («Қызыл кенші». 1942 жыл. №54). Ол хатта: «Соғысқа ең қажетті металл - мыс. Сондықтан, самолеттер мен танктер үшін мысты көптеп өндіре беріңіздер. Біздің Сіздерден тілейтініміз және Отанды фашист жеңдеттерінен тазартудағы ең жауапты. Отан алдында абырой еперетін ең қымбатты міндет осы», - деп жазды қарсақбайлық жауынгерлер. Сөйтіп, Қарсақбай мыс заводы еліміздің қорғанысын арттыруда маңызды буынға айналды.

Қарсақбай зауытында алғашқылардың бірі болып мыс балқытқан еңбек ерлері Мұзафар Жүсіпов пен Байқас Мәмбетов, Хамзә Байұзақов пен Смайыл Ахметовтер еді. Ал, инженер-металлург И. А. Стригин (кейін Одақтағы Түсті металлургия Министрінің бірінші орынбасары) мен Мухачев бірлесіп шарпу пешінде штейнді тез және сапалы балқытудың конвертордан ауыр салмақты мыс бапқымасын алудың жаңа жолдары мен тәсілдерін тауып, батыл пайдалана білген мамандар болды. Кейіннен Балқаш тау-кен металлургия комбинатының бас инженері соғыс жылдарының бас кезеңінде Қарсақбай мыс қорыту зауытының металлургия цехын басқарған Юрий Победоносцев жаңашылдардың көшбасында болды. Қарсақбайдың мыс қазанында қайнап, от жалынында шыныққан маман. Оған екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері атақтары берілді, Балқаштың ең үлкен алаңы оның атымен аталды.

1942 жылы Кеңес одағындағы марганец кенінің негізгі көздері - Никополь руднигі жау қолында қалып, Кавказдағы Чиатура рудниктеріне апаратын жолды басқыншылардың жауып тастауына байланысты аса күрделі жағдай қалыптасты. Қысқа мерзімде марганец кенінің жаңа көздерін ашу мәселесі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің күн тәртібіндегі бірінші міндетке айналды. Қара металлургия Наркомы И. Ф. Тевосян Магнитогорск зауытын қиын халден алып шығаратын бірден-бір жол - Жезді кен орнын игеру екенін мәлімдеді. Бұл негізсіз емес еді. Жезді жөнінде батыл шешімге сенбеген болған Қ. И. Сәтбаевтың тапсырмасына сәйкес Нарком Тевосянның атына «Қорғаныс үшін. Жеңіс үшін қанша марганец керек болса, Жезді сонша жоғары сапалы марганец бере алады» деген Штифанов., Богданчиков. Сейфуллиннің қолы қойылған телеграмма еді.

(Жалғасы 4-бетте).

ТЫЛДА ЖАНҚИЯРЛЫҚ ТАНЫТҚАН

(Соңы. Басы 3-бетте).

Бұған дейін ешқандай жоба жоспарға енгізілмеген ешбір жобалаушы-инженер сызба жасамаған тың құрылыс осылайша басталды. Күндіз-түні тоқтаусыз жұмыс істеген кеншілер, бұрғылаушылар мен құрылысшылар. толассыз машиналар легі Сарыарқаның кіндігі - Жезді өзені бойына қарай ағылып, марганец үшін тылдағы майдан басталды. Небары 38 күнде дүниеге келген кеніштің тарихы осылайша басталған еді. 1942 жылдың шілде айынан бастап Жезді кеніші мемлекеттік жоспармен, яғни, «Главруда» басқармасының кестесімен жұмыс істей бастады. 1942 жылдың аяғында 82133 тонна марганец кені, 1943 жылы екі еседей артық - 160636 тонна жоғары сапалы марганец өндірілді. Сөйтіп, жезділіктер майдан сұранысын, Отанның қиын сәттегі үміті мен сенімін ақтады. Кеніштің А. Тоқтыбаев басқарған учаскесі 1943 жылдың қараша айының жоспарын 137 процент, жалпы рудник бойынша кен аршу жоспары 132 процент орындалды. Бұл сол жылдардағы еңбек ерлігінің бір ғана мысалы «За медь», «Қызыл кенші» газеттерінің әр санында Жезді өндірісіндегі еңбек жетістіктері жайлы хабарланып жатты, 1942-1945 жылдарда Жезді кеніші қорғаныс мақсатында өнім шығаратын Сібір мен Орал заводтарын марганецпен толық қамтамасыз етті. Сондықтан да Жезді марганец руднигінің іске қосылуы - Ұлы Отан соғысындағы шешуші майдандардағы ірі жеңіспен тең еді. Сонымен қатар. Қарсақбай металлургия комбинаты он алты рет Қорғаныс

Министрлігінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алып, соңында осы бір құрметті марапат саналған Қызыл Туды Қарсақбай комбинатында мәңгілікке қалдыру туралы Үкімет шешімінің шығарылуы Қарсақбай, Жезді өндірісінің отты жылдарда қаншалықты ауыр жүкті мойымай, абыроймен көтере білгендігін дәлелдесе керек. Сапалылығы жағынан Жездінің браунитті марганец кеніне тең келетін кен орны әзірше белгісіз. Ол кешегі сұрапыл (1941-1945 жж.) жылдарда, қазір де, болашақта да Отанымызды жау оғынан қорғайтын қамал бола алады. Сондықтан, Отан қорғанысы үшін Жезді марганец кенін қазіргі иесіздіктен құтқарып, қорғаныс қажетіне пайдалану, сақтау, мемлекет тарапынан қорғау, қолдау керек. Қайталап айтамын, Жезді марганеціне сапасы жағынан тең келер байлық жер бетінде әзірше жоқ.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске теңдессіз үлес қосқан біздің өлке тарихының беттері айта берсек, таусылмайтын шежіре ХХ ғасырдың ойып алар орны бар өндірістер болашақ үшін де өз маңызын жойған жоқ. Сол маңызды кешендерді тек тарих еншісіне беріп қана қоймай, оның бүгінгісін де. болашағын да әрдайым есте сақтау керек.

М. ТӨРЕГЕЛЬДИН,
Ұлы Отан соғысының ардагері, Жездідегі облыстық тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің директоры, Құрметті профессор, Мәәниет қайраткері.